

**Кімге:** Жетісу облысының ЖКХ бөліміне.

**Автордың аты-жөні және лауазымы:** «Басқұншы ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы Есенжанова Айгуль Бейсенбаевна

**Күні:** 13.11.2024 ж.

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** Көше жарығы электр желісінің мәселесі.

**Кілт сөздер:** Көше жарықтандыру жағдайы:

**Кіріспе:** Көше жарығы заманауи қалалардың және елді мекендердің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, апаттық жағдайлардың алдын алу, ауыл ортасының эстетикалық сапасын жақсарту, сондай-ақ азаматтардың жайлылығы үшін маңызды рөл атқарады. Түнгі уақытта көше шамдары жол қозғалысының қауіпсіздігін, жаяу жүргіншілер мен көлік қатысушыларының тыныштығын қамтамасыз етеді. Электр желілері көше жарықтарының үздіксіз және сенімді жұмыс істеуі үшін негізгі элемент болып саналады. Егер электр желілерінде техникалық мәселелер немесе кернеу ауытқулары орын алса, бұл көше жарығының тиімділігін төмендетеді, тіпті кейде оларды толық сөндіруге мәжбүр етеді. Сондықтан, электр желілерін сенімді ету және оларды тиімді пайдалану - көше жарығының тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды міндет.

**Негізгі бөлім:** Өскемен тұрғындары қала көшелерінің жарықтандырылуына көңілдері толмайды. Облыс орталығында жүргізілген мониторинг нәтижесінде 33 мың жарық шамның 2 мыңнан астамы жанбайтыны анықталды. Ал кейбірі мүлдем күтімсіз қалып, көзді тұмшалап тастайтын дәрежеге жеткен. Көше жарығы – кез келген қаланың бет-бейнесін көрсетеді. Өңірдің келбетін айшықтайтын көше шамдары жолаушыға жол көрсетіп, түнгі уақытта адамдардың қауіпсіздігіне де қорған болады. Ал облыс орталығында тұрғындар тарапынан жиі көтерілетін тақырыптың бірі – көшелерді жарықтандыру мәселесі. Жаяу жүргіншілер де, көлік жүргізушілері де жанбаған жарықтан жапа шегіп жүр. Өскемен әкімдігінің мәліметінше, жұмыс істемейтін жарық нүктелерінің жалпы санынан қалалық коммуналдық шаруашылық балансында 762 дана, "ШҚО өңірлік мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы" АҚ қарамағында 1438 дана. Мәселені түсіну үшін біз 16 603 жарық нүктесіне қызмет көрсететін МЖӨ өңірлік орталығының өкілдеріне жүгіндік. Мекеме басшысының айтуынша, мамандар сағат сайын жағдайға мониторинг жүргізеді. Азаматтардың барлық шағымдары өңделеді, содан кейін жөндеу бригадасы ақаулықтарды жою үшін мекен жайға барады. Бүгінгі таңда қала көшелерінде істен шыққан жарық шамдардың 352-і ретке келтірілді.

1068 жөндеуді күтуде. Мамандадың сөзінше, ақаулардың себептері әртүрлі. Негізінен тіректер мен кабельдер зақымданған, жарықтандыруды сыртқы басқару жүйесі ескірген. Қазіргі таңда мамандардың жұмысы қызып тұр. Тәулік бойы қауырт жұмыс үстінде. Жауапты мекеме өкілдері азаматтардың шағымдарын тыңдап, жыл соңына дейін олқылықтардың орнын толтыруға уәде береді. Көше жарығы әр ауылдың сәні. Жайықтың Бұқар бетіндегі Жарсуат, Құрылыс ауылдары мен Қызылжар, Ақтан, Кетебай елді мекендерінде барлығы 110 жерге көше жарығы шамдары орнатылып, алыстан көз қызықтырып, самаладай жарқырап мәнмұндалап тұрады.

Әрине, мұның сыртында көптеген еңбек, қомақты қаржы да тұрғаны аян. Осы көшені жарықтандыруға кететін электр энергиясы үшін жыл сайын округтің 1 млн. 750 мың теңге қаражаты жұмсалады екен. Алайда осы орнатылған көше жарық шамдарының барлығы бірдей тұрақты жанып тұрады деп айтуға тағы болмайды. Ол да бір бөлек жұмыс.

Электр шамдары жиі істен шығады, ай сайын шамамен 10-ның үстіне дейін, кейде одан да көп ауыстырылады. Сол себепті тұрғындар тарапынан реніш көп, ол дұрыс та. Сонымен қатар бірқатар жарық шамдары тозған, ауыстыруды қажет етеді. Электр қуатын үнемдеу және жарық шамдарын тиімді пайдалану үшін алға қарай көше жарығын светодиодты шамдарға ауыстыру, мүмкіндігінше сондай светильниктер алып орнатуды жоспарлап отырмыз,-дейді округ басшысы бұл жөнінде.

Білгеніміздей, бұл жұмыстар 2018 жылдың желтоқсанында басталып та кетіпті. Дегенмен оған мемлекеттен қаржы сұратпай, округтің өзі тапқан қаражатпен С.Ділмұқашев көшесінің жарықтары жаңартылған. 2019 жылы осындай жұмыстармен Абай, Жангиров, М.Дауталиев, Ж.Жанғалиев, М.Мусина көшелері қамтылмақ.



Осы ретте округтегі электр бағандарына «Атырау-Жарық» АҚ-ы иелігінде екендігін де ескеру керек. Сондықтан да округ тұрғындары мен

басшылығы тозығы жеткен, кейбір қисайып тұрғандарын уақтылы ауыстыруды аталған ұжымға ұсынып отыр.

Көше жарығы - кез келген ауылдың бет-бейнесін көрсетеді. Өңірдің келбетін айшықтайтын көше шамдары жолаушыға жол көрсетіп, түнгі уақытта қауіпсіздігіне қорған болады. Көшелерді жарықтандыру үшін қауіпсіз әрі тиімді энергия қондырғыларын енгізу маңызды әрі басымдыққа ие болатындығы сондықтан.

Мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесінде өңірімізде ауқымды тірліктер атқарылды. Әсіресе, инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде көшелерді жарықтандыру, электр желілерін жаңғырту сынды жұмыстар жүйелі жүзеге асырылып келеді.

Бүгінгі таңда, аудан аумағындағы 43 елді мекен толығымен электр энергиясымен қамтылған. Аудан бойынша электр энергиясының орташа тәуліктік тұтыну көлемі шамамен 10 -13 МВт құрайды.

Жалпы, аудан бойынша 18 698 абонент болса, оның ішінде, заңды тұлғалар – 517, жеке тұлғалар – 18 181 болып отыр. Аудан бойынша жалпы аудандық электр жүйесінің теңгеріміндегі желілердің ұзындығы 819,61 шақырымды, ал, ауылдық округ әкімдерінің теңгеріміндегі желілердің ұзындығы 62,121 шақырымды құрайды.

2020 жылғы 6 қаңтардағы табиғи монополияларды реттеу комитетімен барлық жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға бекітілген тарифке сәйкес, электр энергиясын пайдаланғаны үшін төлемдер жүргізілуде.

Аудан бойынша 147,46 шақырымды құрайтын 434 көшенің 151 көшесінде 4 380 дана көше жарықтары орнатылған.

2019 жылы «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында, Сарыкемер және Бәйтерек ауылдық округтері толықтай түнгі көше жарықтарымен қамтылды. Атап айтқанда, Бәйтерек ауылдық округі бойынша 120 млн. 863 мың теңгеге ұзындығы 40,7 шақырымды құрайтын 65 көшеге электр желілері, 1 008 дана көше жарықтары орнатылды. Сарыкемер ауылдық округі бойынша 141 млн. 800 мың теңгеге ұзындығы 59,044 шақырымды құрайтын 42 көшеге электр желілері, 1 015 дана көше жарықтары орнатылған болатын.

Өткен жылы бұдан бөлек «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында жалпы құны 11 млн. 316 мың теңгеге 3 көшеге түнгі жарықтар орнатылды. Оның ішінде, Жаңатұрмыс ауылдық округіне қарасты Жаңатұрмыс ауылы, «Жаңбырбай» көшесіне жалпы құны 4 млн. 016 мың теңгені құрайтын 1 шақырым электр желісі мен 28 дана түнгі жарықтар орнатылды. Суханбаев ауылдық округіне қарасты Көкөзек ауылы, «Т.Ақбозов» көшесіне 0,9 шақырым электр желілері, 9 дана түнгі жарық орнатылса, «Абдуалиев» көшесіне 0,9 шақырым электр желілері мен 14 дана түнгі жарықтарды орнатуға 2 млн. 179 мың теңге қаржы жұмсалған. Қарасу ауылындағы «Қосы батыр» көшесіне 5 млн. 121 мың теңгеге ұзындығы 2,5 шақырым электр желілері, оған қоса 63 дана темір бағаналар мен 63 дана жарық диодты шамдар орнатылды.

2020 жылы «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен бөлінген 241 млн. 738 мың теңгеге 25 жоба (45 көше жарықтандырылады) іске асырылуда. Нәтижесінде 34,57 шақырымды құрайтын электр желілері және 852 дана көше шамдары орнатылатын болады деп күтілуде.

Өткен жылы көше жарықтарын орнату бағытында 151 көше жарықтандырылып, көрсеткіш 34,7 пайызды құраса, 2020 жылы 107 көшеге көше жарықтары орнатылып, 59,4 пайызға жетіп отыр. Кешенді жұмыстар арқасында бүгінде 258 көшеде көше жарықтары орнатылса, бағдарлама аясында 45 көше жарықтандырылатын болады. Жыл қорытындысы бойынша жарықтандырылған көшелер саны 303 көшеге жетеді немесе 69,8 пайызға жетеді деп жоспарлануда.

### **Халықаралық тәжірибелер: Смарт технологиялар мен энергия үнемдеу: Нидерланды**

Нидерландыда көптеген қалаларда энергия үнемдеу үшін жарық деңгейін автоматты түрде реттейтін "ақылды" көше жарықтары орнатылған. Бұл технология көше қозғалысы азайғанда жарық қарқындылығын азайтады. Жүйе түнгі уақытта энергия шығынын 50%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тұрғындарға жарықтандыру деңгейін қолмен басқаруға мүмкіндік беріп, инфрақұрылымға қашықтан мониторинг жүргізуді жеңілдетеді

Күн энергиясымен жұмыс істейтін көше шамдары: Африка елдері

Африканың бірнеше елінде, мысалы, Кения мен Замбияда, күн энергиясымен жұмыс істейтін көше шамдарын кеңінен қолдану басталды. Мұндай шамдар әсіресе электр желісі тартылмаған шалғай аудандарда қолайлы. Бұл тәжірибе электр қуатын азайтуға көмектесіп, қоршаған ортаны ластамауды қамтамасыз етеді. Африкадағы бұл жоба арқылы ауылдарда адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туып, көше қылмысы деңгейі айтарлықтай төмендеген.

Жапониядағы энергия үнемдеудің ұлттық стратегиясы

Жапонияның Токио қаласында көше жарықтандыруды толықтай шамдарға ауыстыру бағдарламасы енгізілді. Бұл шамдар аз қуат тұтынып, жарық сапасын сақтай отырып, шамдардың қызмет мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Жапония бұл бағдарламаны бүкіл елге таратуды жоспарлап, көшелерді жарықтандыруға жұмсалатын шығындарды қысқартуды көздейді.

Көміртегі шығарындыларын азайту мақсатындағы Еуропалық Одақ бағдарламалары

Еуропалық Одақтың көптеген елдері көше жарықтарын жаңғыртуға қаржы бөле отырып, көміртегі шығарындыларын азайтуды көздейді. Олар смарт жарықтандыру және қозғалыс сенсорлары бар жарық шамдарын орнатып, жарық қажеттілігі азайғанда автоматты түрде жарықты бәсеңдететін жүйелерді пайдаланады. Мұндай жаңашылдықтар электр энергиясын 30-40%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Бұл тәжірибелерді қолдану арқылы Панфилов ауданы көше жарықтарын тиімдірек, қауіпсіз әрі экологиялық таза етуге бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыра алады.



### **Қорытынды**

Көше жарығын жақсарту үшін электр желісінің сенімділігін арттыру, заманауи технологияларды енгізу және энергия үнемдеу шараларын қабылдау маңызды. Бұл әрекеттер ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға, қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға және қоршаған ортаға деген жүктемені азайтуға септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, көше жарығы мәселесін шешу қалалық әкімшіліктің жоспарлы әрі кешенді әрекеттерін талап етеді. Электр желілерін жаңарту, заманауи жарықтандыру технологияларына көшу және тұрақты техникалық қызмет көрсету арқылы көше жарығының сапасын арттыруға болады. Бұл тұрғындардың өмір сапасын жақсартып қана қоймай, ауылдық қызметтерге деген сенімділікті нығайтады.

**Ұсыныс:** 1.LED шамдарға көшу: Қалаларға дәстүрлі жарықтандыру шамдарын LED технологиясымен алмастыру ұсынылады. LED шамдары ұзақ қызмет етеді және энергияны 30-50% үнемдейді, бұл жалпы шығындарды азайтады.

2.Ақылды жарықтандыру жүйелерін енгізу: Қозғалыс сенсорлары, ауа райын бақылау және автоматты реттеу мүмкіндігі бар ақылды жарықтандыру жүйелерін енгізу маңызды. Мұндай жүйелер жарық деңгейін трафик пен ауа райына байланысты реттей алады, бұл энергияны үнемдеуге ықпал етеді.

3.Күн энергиясын пайдалану: Күн энергиясымен жұмыс істейтін шамдарды көше жарығы ретінде қолдану экологиялық таза шешім болып табылады. Әсіресе, қала шетінде немесе саябақ аймақтарында күн энергиясымен жұмыс істейтін шамдар тиімді болады. Қаржыландыру және ынталандыру бағдарламалары: Энергия тиімді жарықтандыру жүйелеріне көшу үшін үкіметтік және халықаралық

бағдарламаларды қарастыру, қаржылық қолдау табу маңызды. Бұл көше жарығын жаңартуға кететін бастапқы шығынды азайтуға көмектеседі.

4.Бұл ұсыныстар қаланың энергия тиімділігі мен тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, сондай-ақ көше жарықтандырудың экологиялық әсерін азайтуға бағытталған.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1) [https://auil-zhanaligi.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=6542:2020-06-10-04-10-26&catid=1:2011-11-15-11-49-39](https://auil-zhanaligi.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=6542:2020-06-10-04-10-26&catid=1:2011-11-15-11-49-39)
- 2) <https://altaitv.kz/kz/news/18357>